

## Түсіндірме хаттамасы

«25» қыркүйек 2023 жыл

### Қатынасқандар:

Аудандық аурухана мен емхананың қызметкерлері,  
дәрігерлік амбулаториялардың аға дәрігерлері,  
Барлығы – 57 қызметкерлер қатынасты.

**Төраға:** Г.С.Серікова – аудандық аурухананың меңгерушісі  
**Хатшы:** С.Ж.Дюсенбиеv - заңгер

### Күн тәртібінде

*Индер аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынында сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу багытындағы тусіндірме жұмыстар туралы*

#### Сөз сөйлегендер:

*Төрагалық етуши Г.С.Серікова* қызметкерлерге ұжымда сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу баршаның ортақ міндеті екенін ескертіп, осындай әрекетке барғандарға заң жүзінде әкімшілік және қылмыстық жазалар қарастырылғанын еске салып өтті. Жаупапты лауазым иелері өздері басқаратын ұжымда жемқорлыққа жағдай туғызатын жағдайлар немесе оқиғалар болған жағдайда міндетті түрде кәсіпорын басшысына хабарлау қажет екендігін, сондай-ақ сенім телефоны арқылы құзырлы органдарға хабарласуға болатындығын ескертті.

*Бұдан соң сөз салған заңгер С.Дюсенбиеv* кәсіпорында тамыз айында сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізілгенін, талдау барысында тәуекелдер анықталмағанын, алайда алдағы уақытта осы бағытта жұмыстардың жанданатынан және ұдайы бақылауда болатындығын ескертті. Аудандық аурухананың ғимаратында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы плакаттар (сенім телефонымен) ілінгенін және де ауруханага қарасты барлық емдеу мекемелерінде осындай ақпараттардың болуы керектігін атап өтті.

Сондай-ақ аурухананың әлеуметтік желілері мен интернет сайты ашылғанын, осында тұргындарға қажетті ақпараттарды, хабарландыруларды ұдайы жарияладап отыру керек екендігіне тоқталды.

Тоқсан ішінде кәсіпорынга Е-Өтініші порталы арқылы қағаз жүзінде немесе электронды түрде түсken арыз-шагымдарға мерзімінде жауап беріліп отырғанын баяндап, осынан мүқият болуда тапсырыды.

Төраға

Г.Серікова

Хатшы

С.Дюсенбиеv